



Өнеркәсіпті дамыту қоры

Жобалар портфелі -1 трлн теңгеден астам



Өнеркәсіпті
дамыту
қоры





БІЗ ТУРАЛЫ

Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ 2005 жылғы 6 қыркүйекте құрылды, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылады және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның құрылымына кіреді.

Қор қызметінің мақсаты өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарына қаржылық қолдау көрсетіп, ынталандыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдемдесу болып табылады.

Қор өз міндеттерін орындау үшін лизингтік қызметті, резидент-заңды тұлғаларға, резидент еместерге, лизингтік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кредиттер береді.

БАҒДАРЛАМАЛАР ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

1.Өңдеу өнеркәсібі жобаларын қаржыландыру

Бағдарламаның мақсаты – бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған және импортты алмастыратын өнімдер өндірісін ұлғайту арқылы өңдеуші өнеркәсіптің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, технологиялық прогрессивті өнеркәсіп құру, орта және жоғарғы қайта бөлу өнімдерін жасауға бағдарланған кәсіпорындарды цифрлық түрлендіру.

Жеңіл өнеркәсіп үшін қаржыландыру шарттары:

- лизинг шеңберінде лизингтік қаржыландыру/несиеу мерзімі - 3 жылдан 10 жылға дейін;
 - қаржыландыру валютасы – теңге;
 - бастапқы жарна (аванс) – жоба құнының кемінде 15%;
 - сыйақы мөлшерлемесі – 3%;
 - қаржыландыру сомасы- 50 миллион теңгеден басталады.
 - бірыңғай индустрияландыру картасында қарастырылатын жобаның болуы;
- ең төменгі жалақы және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жергілікті қамту бойынша қарсы міндеттемелер.



Металлургия саласы, дайын металл бұйымдарын өндіру, химия өнеркәсібі, машина жасау, оның ішінде автомобиль жасау, арнайы техника өндірісі, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, электр техникалық және ауыр машина жасау, құрылыс материалдарын өндіру (темірбетон бұйымдарын, газоблоктар мен құм блоктарын өндіруді қоспағанда), ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, қағаз және қағаз өнімдерін өндіру, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру үшін қаржыландыруды ұсыну шарттары.

- лизинг шеңберінде лизингтік қаржыландыру/несиеу мерзімі - 3 жылдан 20 жылға дейін;
- қаржыландыру валютасы - теңге;
- бастапқы жарна (аванс) - кемінде 15%;
- сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 9%;
- қаржыландыру сомасы - 80 000 000 теңгеден бастап;
- қаралып отырған жобаның индустрияландырудың бірыңғай картасында болуы;
- сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің, ең төменгі жалақысы және жергілікті қамту бойынша қарсы міндеттемелер.

Қаржыландыру Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс Министрлігі жетекшілік етпейтін өңдеуші өнеркәсіп салаларын қаржыландыруға көзделмеген, қаржыландыруға көзделген қаражаттың жалпы сомасының 10%-на (он пайызына) дейін рұқсат етілетін тамақ өнеркәсібін қоспағанда.

Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, сұрыптау, кейіннен қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату, қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру жөніндегі зауыттарды (өндірістерді) салу жөніндегі өңдеу саласындағы жобаларды қаржыландыру, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды ұйымдастыру:



Ұйым келесі негізгі шарттарда лизинг алушылармен/ қарыз алушылармен қаржылық лизинг/қарыз шарттарын жасасады:

- сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 3%;
- лизинг/қарыз мерзімі - 3 жылдан 15 жылға дейін;
- Қарыз валютасы - теңге;
- лизинг алушының/Қарыз алушының өз қатысуы – жоба құнының кемінде 20%-ы, оның кемінде 10%-ы ақшалай қаражат.

** Сараптаманың 2-ші кезеңіне құжаттарды тапсыру үшін (кешенді сараптама) жобаның қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға және Қазақстан Республикасының Жарлықпен бекітілген "жасыл экономикаға" көшу жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 бұйрығымен бекітілген тұжырымдамада көзделген тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталғандығы туралы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің растайтын хатының болуы қажет.*





2. Отандық ауыл шаруашылығы машиналарын өндірушілерді қолдау шеңберінде машина-трактор паркін жаңарту бойынша лизингтік қаржыландыру

Лизинг нысанасы - отандық өндірістің комбайны немесе тракторы (*жаңа, бұрын пайдаланылмаған және 2 жылдан аспаған*).

Бағдарламаны іске асыру мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

- 1) әлеуетті Лизинг алушыларды отандық өндірушіге лизингтік қаржыландыруды тарту туралы өтініммен жүгіну арқылы;
- 2) Қордың әлеуетті өнім беруші ретінде қаржы лизингі қызметтерін сатып алуға қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

Лизингтік қаржыландыру шарттары

- лизингтік қаржыландыру мерзімі – 7 жылға дейін;
- қаржыландыру валютасы – теңге;
- лизинг бойынша бастапқы жарна (аванс) – лизинг нысанасының құнынан кемінде 15%;
- бюджет қаражаты есебінен 7% сыйақы мөлшерлемесі;
- Лизинг алушының қаражаты есебінен КАСКО бағдарламасы бойынша лизинг нысанасын сақтандыру.

Коммерциялық қаражат есебінен машина-трактор паркін жаңарту бойынша лизингтік қаржыландыру мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға жатады.

Өтінімдер отандық өндірушілер арқылы беріледі.

3. Отандық автомобильдер өндірісін қолдау шеңберінде лизингтік қаржыландыру

Лизинг нысанасы – ауыл шаруашылығы техникасы мен жеңіл көлікті қоспағанда, отандық өндірістің арнайы мақсаттағы автокөлік құралдары мен автотехникасы (*жаңа, бұрын пайдаланылмаған және әлеуетті Лизинг алушының лизинг нысанасын сатып алу туралы өтініш берген күнінен 2 жылдан аспаған*).

Бағдарламаны іске асыру мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

1) әлеуетті Лизинг алушыларды отандық автоөндірушіге лизингтік қаржыландыруды тарту туралы өтініммен жүгіну арқылы;

2) «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның әлеуетті өнім беруші ретінде қаржы лизингі қызметтерін сатып алуға қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

Лизингтік қаржыландыру шарттары:

- Лизингтік қаржыландыру мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін;
- Қаржыландыру валютасы – теңге;
- Лизинг бойынша бастапқы жарна (аванс) – Лизинг нысанасы құнынан 30%;
- сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 3 % (үш пайыз).

Өтінімдер отандық автоөндірушілер арқылы беріледі.



4. Отандық автоөндірушілерді қолдау шеңберінде автобус паркін жаңарту бойынша лизингтік қаржыландыру

Лизинг нысанасы – отандық өндірістегі автобус (жаңа, бұрын пайдаланылмаған және әлеуетті лизинг алушы лизинг нысанасын сатып алу туралы өтініш берген күнінен 2 жылдан аспаған).

Лизингтік қаржыландыру шарттары:

- лизингтік қаржыландыру мерзімі – 7 жылға дейін;
- қаржыландыру валютасы – теңге;
- лизинг бойынша бастапқы жарна (аванс) – лизинг нысанасының құнынан кемінде 15%;
- сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7 % (жеті пайыз);
- лизинг алушының қаражаты есебінен КАСКО бағдарламасы бойынша лизинг нысанасын сақтаңдыру;
- қоғам, лизинг алушы және орталық және/немесе жергілікті атқарушы орган арасындағы жобаны қолдау туралы келісімге қол қою;

Лизингтік мәмілелерді қаржыландыру қолжетімді қаражаттың болуына байланысты жүзеге асырылады.



5. Жедел, шұғыл және арнайы қызметтердің қажеттіліктері үшін көлік құралдарын жаңарту бойынша лизингтік қаржыландыру

Лизинг нысанасы – жедел, шұғыл және арнаулы қызметтердің қажеттіліктері үшін отандық өндірістің көлік құралы (жаңа, бұрын пайдалануда болмаған және әлеуетті лизинг алушы лизинг нысанасын сатып алу туралы өтініш берген күнінен 2 жылдан аспаған).



Лизингтік қаржыландыру шарттары:

- лизингтік қаржыландыру мерзімі – 7 жылдан аспайды;
- қаржыландыру валютасы – теңге;
- лизинг бойынша бастапқы жарна (аванс) – кемінде 15% (лизингтік төлемдер республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен өтелген жағдайда, аванстық төлемсіз қаржыландыруға жол беріледі);
- лизинг алушының қаражаты есебінен КАСКО бағдарламасы бойынша лизинг нысанасын сақтандыру;
- қоғам, лизинг алушы және орталық және/немесе жергілікті атқарушы орган арасындағы жобаны қолдау туралы келісімге қол қою;



6. Коммерциялық лизинг

Лизинг нысанасы – жүк және жолаушылар вагондары, ұшақтар (жаңа, бұрын пайдаланылмаған).

Лизингтік қаржыландыру шарттары:

- лизингтік қаржыландыру мерзімі – 3 жылдан 15 жылға дейін (қорландыру базасына байланысты);
- қаржыландырудың ең төменгі сомасы – 500 000 000 теңгеден бастап;
- қаржыландыру валютасы – теңге;
- лизинг бойынша бастапқы жарна (аванс) – лизинг нысанасының құнынан кемінде 20%;
- сыйақы мөлшерлемесі – тартылатын қорландыру базасының мөлшерлемелеріне байланысты;
- ҚР ИИДМ, "Даму "Кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ ставкаларын субсидиялау мүмкіндігі.

7. «Жасыл Даму» АҚ қаражаты есебінен отандық автоөндірушілерді қолдау шеңберінде автобус паркін жаңарту бойынша лизингтік қаржыландыру

Лизинг нысанасы – отандық өндірістегі автобус (жаңа, бұрын пайдаланылмаған және әлеуетті Лизинг алушы лизинг нысанасын сатып алу туралы өтініш берген күнінен 2 жылдан аспаған).




Лизингтік қаржыландыру шарттары:

- лизингтік қаржыландыру мерзімі – 7 жылға дейін;
- қаржыландыру валютасы – теңге;
- лизинг бойынша бастапқы жарна (аванс) – жоқ;
- сыйақы мөлшерлемесі – лизингтің бүкіл мерзімі үшін біржолғы төлеммен 0,01 %;
- лизинг алушының қаражаты есебінен КАСКО бағдарламасы бойынша лизинг нысанасын сақтандыру.

Қызметті Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар қалаларында және облыс орталықтарында жүзеге асыратын лизинг алушылар қаржыландыру шарттарын пайдалана алмайды.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) болып табылмайтын Лизинг алушыларды қаржыландыру кезінде ӘКК тарапынан осы Лизинг алушы үшін толық ынтымақты жауапкершілік туралы кепілдік беру және оны мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) шеңберінде қаржыландыру және/немесе Лизинг берушінің талаптарына сәйкес осы Лизинг алушының міндеттемелері бойынша қамтамасыз етудің жеткілікті болуы қажет.

Жазбалар үшін



Ақпарат 2024 жылғы наурыздағы жағдай бойынша өзекті болып табылады, толық ақпаратты төмендегі байланыс телефондары арқылы алуға болады.



Өнеркәсіпті
дамыту
қоры



www.idfrk.kz

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ



Қазақстан Республикасы
Z05T3E2, Астана қаласы
Мәңгілік Ел даңғылы, 55 А ғимарат
«Бәйтерек» бизнес орталығы




www.idfrk.kz



info@idfrk.kz



+7 (7172) 79-64-40,
+7 (7172) 79-64-70 (өңдеу өнеркәсібінің жобалары бойынша)
+7 (7172) 79-63-63



Астана 2024ж.